

**Қызылорда қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 13832 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 6852 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы, 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы №10232 қаулысының ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6164 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 16 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қызылорда облысының Полиция департаменті Қызылорда қаласының Полиция басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шараларды өткізуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің міндетін атқарушы*

*Б. Нуридинов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
Қызылорда облысының  
Полиция департаменті  
Қызылорда қаласының  
полиция басқармасы"  
мемлекеттік мекемесімен*

# **Қызылорда қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

## **1. Көтермелеудің түрлері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

## **2. Көтермелеудің тәртібі**

2. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қызылорда қаласы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі қалалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министірлігі Қызылорда облысының полиция департаменті Қызылорда қаласының полиция басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Полиция басқармасы) енгізеді.

4. Комиссияның құрамына қалалық жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, Полиция басқармасының өкілдері енгізіледі.

5. Комиссия қабылдаған шешім –көтермелеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министірлігі Қызылорда облысының полиция департаменті бастығының бұйрығы - көтермелеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

6. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға көтермелеу шараларын Полиция басқармасы салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

## **3. Ақшалай сыйақының мөлшері**

7. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссия қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көтермеленетін адамның қосқан үлесін және ол немесе оның қатысуымен жолы кесілген құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың көлемін ескере отырып белгілейді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

8. Ақшалай сыйақыны төлеуді көтермелеуге ұсыныс енгізген Полиция басқармасы облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ